Сол бабалардың аманатына қазіргі және келешек ұрпақтың жауабы қандай болмақ? Әрине, бабаларымыздың қан төгіп қорғап қалып мирас еткен жерін біз ендігі уақытта ерінбей еңбек терін төгу арқылы экологияға зиян келтірмей тиімді де берекелі пайдалана білуіміз қажет. Бабалар мұрасы - кең байтақ жеріміздің әрбір шаршысында жоғары ынтымақпен еңбек ету, әрине, бабалар алдындағы ұрпақтарының қасиетті парызы және жауапкершілікпен орындауы тиіс міндеті. Елбасының мақалаларын [1 және 2] оқу барысында осындай ойларға келесің. Себебі ол бізді тарихты білуге бабаларымыздың ұрпақтарына деген сенімін ақтауға және рухани жаңыруға, үнемі ізденіспен талпыныста болуға, қазіргі заман талаптарына лайықты білімді және өркенниеттілік бағытында дамуға шақырып отыр. Осы айтылғандарды мамандар жоғары түсінікпен қабылдап және негізге алып өз мамандығы мен қызметінің шебері болуға тырысқаны жөн. Біз әркезде, бабалардың өз ұрпақтарына артқан сенімі, жауапкершілігі ең жоғары ардақты сенім екенін есімімізде сақтауымыз қажет.

Су шаруашылығы және мелиорация саласының мамандары Қазақстанның әрбір аймағында табиғат ерекшеліктеріне байланысты жер мен суды экология талаптарына сай тиімді және жоғары табыспен пайдалануға жағдай туғызу бағытында орындалып жатқан және орындалуы қажет шаралардың ұйтқысы және салалық жанашыры болғаны абзал.

Елбасы 2017 жылы Қазақстан халқына арналған Жолдауында [3] Үкіметке және

Әкімдерге өзара байланысты мынадай стратегиялық маңызды екі тапсырмалар берген: біріншісі, жерді тиімді пайдалану туралы, ал екіншісі, өз мақсатында пайдаланылатын суармалы егіс көлемін 5 жыл ішінде 2 млн. гектарға жеткізу.

Егер суармалы жерлер тұрғысынан қарасақ бұл тапсырма Қазақстанның барлық облыстарын қамтиды. Суармалы жерлер қуаң аймақтар үшін түбегейлі шара. Себебі бұл шара (суару) қуаң жерлердің түсімділігін бірнеше есе арттырып табиғатынан ылғалы жеткілікті жерлермен теңейді, тіпті оданда жоғары көтереді. Бұл Қазақстан жеріне тікелей қатысты. Себебі еліміздің территориясының 90 пайызында ауыл шаруашылығы дақылдарынан бәсекелестік талаптарына сай түсім алу үшін суару қажет екені ғылыми дәлелденген. Суармалы жерлердің әрбір мың гектары тұрақты жұмыспен 200-250 адамды қамти алады және 300-дей сауын сиыры болатын фермаларды құнары жоғары жоңышқа шөбімен қамтамасыз ете алады. Құнарлығы 5тн а.ө. болатын шөпті суармалы жерлер 1 гектардан бере алады. Маңызы осындай шөп жинау үшін суарылмайтын жерлердің 30-40гектарының шөбін шабу тура келеді. Егер суармалы жерді пайдаланудың әрбір технологиясын ерінбей жоғары ынтамен ғылым мен білімге сүйене отырып шебер пайдалансақ, әрбір мың гектардан орта есеппен 500 мыңнан 1000 мың теңгеге (қазіргі кездегі шаруашылықтан сатып алу бағасымен есептегенде) дейін жалпы табыс табуға болады.

Елбасының мақаларынан [1 және 2] бабаларымыздың келешекке қалдырған мұраларының ішінде олардың ұрпақтары, яғни бізде бар екенімізді және бабалардың «ұрпақтарымыз ауызбірікте және білім мен ғылымға, еңбекке талпыныста болсын» деген сенімдерін аңғарамыз. Ал осы сенімді ақтау үшін бір-бірімізді бағалай біліп ынтымақта, өркенниетті қарым-қатынаста болғанымыз абзал. Себебі бұлда бабалар алдындағы қасиетті парызымыз. Сондықтан шаруашылық басшылары қарамағындағы қарапайым жұмысшыларына және мамандарына қамақор болып білімдерімен шеберліктерін ұдайы арттырып отыруына жағдай жасап еңбекке ынталандыра білсе бабалар алдындағы парызды орындағаны болып табылады, ал бұл басшылықтың өз міндетін біліктілікпен атқарғандығының көрсеткіші. Ауылдарда баспана мәселесінің суармалы жерлерді берекелі игеріп бәсекелестік деңгейге жеткізуге жіне орсан зор су шаруашылығы мен гидромелиорация инфрақұрылымдарды еш нiрсеге алаң болмай тиянақты күтіп -баптап тоздырмауға кері әсері болмағаны абзал. Үйі жоқтың күйі жоқ деп бекер айтпаған ғой дана қазақ. Ауылда, баспана еркеше мүлік мәртебісін алғаны жөн. Баспана сауда-саттық мүлкіне шамадан тыс айналса егіншілікте басқа да ауыл бизнестерінің дамуы тежелуі мүмкін. Ауылдарда баспанамен, әрине тегін емсес шама-шарқына лайықты нарықтың реттелетін принциптері негізінде, ауыл әкімдігі немесе шаруашылық тарапынан ерекше тәртіп-ереже арқылы қамтамасыз етілуі қажет. Аудан және ауыл әкімдерінің басмаларымен ауыл-шаруашылығы кооперативтері (ал ірі шаруашылықтары өздері) маманданған құрылысшыларға сапалы үйлер салғызса, ауыл көшелерін жөндетсе әркім үй соғамын деп жұмысынан алаңдап жиі сұранып жүрмейді, жер немесе үй іздеп ауылдан кетіп қалмайды. Шыңдығында баспана мәселесі мазалаған адамның жұмысының берекесі болмайды. Сондықтан баспана мәселесінің келешектеде белгілі тәртіппен нарықтың өркенниетті тәсілдерімен шешілетініне әрбір ауыл адамына нық сенім ұялату маңызды. Баспана үшін алаңдамаған жағдайда ауыл еңбеккерінің ойында тек жұмысымды қалай нәтижелі қылам деген ғана мәселе болатыны сөзсіз. Ауыл адамдары мен ауыл мамандарының жанұяларының татулықта және бай-ауқатты болуының ең өркенниетті жолы -баспана мәселесіне алаңдап-жалтақтап «екіге жарылмай» тек суармалы жерді берекелі пайдалану жолындағы тікелей жұмысы мен міндетін бар көңіл-зердесімен шеберлікпен орындау екенін түсіну қиын емес. Осы ұстанымның орындалуына қажетті заңнамалық-нормативтік негіз жасауға ғалымдар, заңгерлер және жергілікті атқару органдары уақыт оздырмай ат салысқандары жөн болар еді. Бұл олардың бабалар ұрпақтарының алаңдамай кәсіби және жалпы рухани дами отырып, бар пейілімен беріліп тиянақты еңбек

етулеріне жағдай жасағаны болып табылады.

Суармалы жерлерді пайдалану технологияларының өте күрделі екендігі, судың ысырабына топырақтың тозуына жолрмей жоғары біліктілікпен және шеберлікпен орындалатын еңбекті талап ететіндігі, өнімділігі мен табыстылығы ауа райына емес тек мамандар мен жұмысшылардың ынталылығы мен кәсіби шеберліктеріне тәуелді болатындығы ғылыммен және кейінгі ата-әжелеріміздің, әке-шешелеріміздің қажырлы еңбектерімен дәлелденген.

Суармалы жерлер ауыл өнеркәсібінің бірнеше түрінің дамуына жол ашады. Себебі суармалы жерлерден алынатын өнімдерге негізделген сүт және ет фермаларынан басқа кетчуп пен томат шырынын, өсімдік майын, шырын-шарап, қант, мата, сары май және басқа тағамдар шығаратын заводтармен шағын цехтар ашуға әбден болады. Нәтижесінде ұлы даламыздан экспортқа дәрумені мол ет және сүт өнімдері, кетчуп, соя мен жүгері өнімдері шығарылып тұратыны сөзсіз.

Айтылғандар негізінде суармалы жерлерді пайдалануды дұрыс жолға қойған ауылдарда демографиялық даму және жастарды білімге және еңбекке құштар етіп тәрбиелеу мәселелері ойдағыдай шешілетін болады. Ауыл мен қала ұғымдары және олардың құндылықтары өзгереді, себебі ауыл бизнестерінің дамуы нәтижесінде ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайы бірте-бірте жақсару нәтижесінде олардың әлеуметтік мүмкіндіктері қалалардағы жағдаймен теңелетін болады.

Тарихта Кенесары бабамызда кезінде өзендер алқаптарында суармалы жерлер игеріп қазақ халқын отырықшы елге айналдыра бастауды армандаған екен. Сондықтан біз Елбасының суармалы жерлер туралы тапсырмаларының [3] түпкі мақсатының орындалуына ұйтқы болып ат салысуымыз азаматтың және кәсіби парызымыз.

Елбасы өз мақаласында [1] дамудың эволюциялық жолын ұсынған. Себебі бұл жүйеліде басалқалыда тиянақты тәсілдерге, нық сенімді қадамдарға негізделеді, нәтижелері де берекелі болады. Эволюциялық жаңа технологияны бар санамызбен игеріп алып кетудің нәтижелері де тиянақты және берекелі болары сөзсіз. Сондықтан кез-келген технологиялық жаңалық мамандар мен жұмысшылардың және мекеме басшыларының да көзқарастарының жаңғыртылуын, яғни адами және кәсіби дамуын талап етеді. Бұл маңызды, себебі басшылардың, мамандармен қарапайым жұмыскерлердің кәсіби рухани жаңғыруын, яғни біліктілігін, жаңа кәсіби мәдениетін қалыптастыруға негізделмеген асығыс келген жаңа архитектура болсын жаңа технология болсын прогресстік нәтижеге жете алмай қалулары әбден ықтимал. Осы себептен кез келген жоба құрамында құрылыс компонентіне қосымша ретінде жаңа технологияға болашақ пайдаланушылар мен күтіп-баптаушыларды оқыту және үйрету компоненттерінің болғаны маңызды, және бұл өмір талабы, өркенниетті елдердің озық тәжірибесі.

Суармалы жерлерді пайдалану жолдары мен технологияларының (агротехника, гидромелиорация т.б) күрделі екендігі шындық. Ғылым мен инновация, шет елдердің озық тәжіриберлері негізінде су шаруашылығы мен гидромелиорация жүйелерінің конструкциялары мен оларды және топырақтағы процесстерді басқару технологиялары күрделіне беретіні сөзсіз. Осыған сәйкес мамандардың да қарапайым жұмыскерлердің кәсіби жаңғыруын қамтамасыз ету шараларын құрылыс немесе құрастыру аяқталмай жүзеге асыру пайдалы болады, себебі жаңғырған технология оның қыр-сырын белетін маманның басқаруында табысты бола алады. Кейбір кәсіпкерлер осы ақиқатқа мән бермейді. Бұл әрине қателік. Топырақтың қасиеттерін және мелиоративтік режимдерін (олардың оптималды шамаларының төменгі және жоғарғы деңгейлерін) терең білмей немесе ескермей «көршім қолданыпты», - деп суару режимдерімен суару технологияларына өзгеріс енгізе салу қателік. Осындай қателік топырақты тірі табиғат компоненті екенін және кез-келген суару танабының гидрогеологиялық және геоморфологиялық ерекшеліктері бар табиғи ландшафтың құрамдас бөлігі деп негізге алмаудан туындайды. Суару нормаларын және мерзімдерін, әр суарудың ұзақтығын әр танап топырақтарының ерекшеліктеріне қарап белгілей және реттей білу кәсіби біліктілік,

білімділік және шеберлік. Шаруашылық басшысының басты міндетінің бірі өз жерінің гидрогеологиялық және геоморфологиялық жағдайларын, топырығының ерекшелігін, тарихын жақсы біліп алып технологияны солардың «талаптарына» сай жоспарлағандары жөн. Ауыл шаруашылығы және гидромелиорация өсіп тұрған алма ағаштары тәрізді, топырақтан және басқа табиғи жағдайлардан (гидрогеология т.б) ажырамаулары тиіс. Сондықтан ұсақ, орташа шаруашықтар бірлесіп құрған кооперативтерде міндетті түрде топырақтану маманы, агроном, гидромелиорация және механикаландыру мамандары, экономика мамандары қызмет атқарғандары әбден дұрыс болады. Ал ірі шаруашылықтар осындай мамандарды тікелей жалдаулары қажет. Ғалымдармен және ауылдағы білімді және тәжірибелі ақсақалдармен тығыз байланыста болып ақылдасып тұру білікті басшы үшін басты шарттың бірі. Ауыл, су шаруашылығы және гидромелиорация ардагерлерін ауық-ауық шақырып жұмысшыларға мамандарға семинарлар өткізіп тұруда маңызды.

Осы орайда, Елбасының мақаласында [1] «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - дегенінің өте орынды кеңес және бабалар өсиеттерімен сабақтасып жатқан өсиет екенін аңғару қиын емес.

Сондықтан, университеттерде ауылшаруашылығы мамандарын (гидромелиорация мамандары ғана емес) дайындауда суармалы егіншілік жағдайында оқу-тәжірибе сабақтарын жақсартуға беруіне Үкімет тарапынан жүйелі көмек маңызды. Аграрлық университеттер өз тарапынан «Топырақ тану» мен «Ауыл шаруашылығы жерлерін мелиорациялау және рекультивациялау» пәндерін міндетті түрде, әр мамандыққа лайықталған бағдарламалармен, оқытылатын пәндер қатарына қосқандары жөн. Себебі ауыл шаруашылығы мамандары жұмыстарының түпкі мақсаты топырақтың қасиеттері мен мелиоративтік режимдерін реттеуге және жақсартуға бағытталады, себебі өсіретін дақыл сол топырақтан суды және қорегін алады. Топырақтың физикалық күйі жақсы болса, оның құнарлылығының пайдалы әсеріде жоғары болатыны ақиқат. Осындай топырақта өніп-өскен өсімдіктерде жан-жануарлар мен адамдарға дәрумендермен иммунитетті молынан беріп тұрады. Дақылдарда аурушаң болмай және шыдамды болып жоғары бәсекелестік қабілетке ие болады. Қарашірікке кедей болса да мелиоративтік күйі жақсы топырақта өскен шөпте басқа дақылда малға және адамдарға маңызды болады. Бұл табиғаттың заңдылығы. Аграрлық университет студенттеріне мамандыққа қажетті пәндерді (мелиорация т.б) дұрыс таңдап алуына олардың маңызын түсіндіре және ынтасын оята отырып методикалық көмек көрсету мұғалімдердің ардақты ісі.

Суармалы жерлерді берекелі және табысты пайдалансақ ауыл мәдениетінің, ауыл спортының әсіресе ауыл балалары спортының дамытуларына мүмкіндік туындайтыны сөзсіз. Ауыл мектептерінде ауыл кәсіптері пәнін оқытқан жөн. Осы орайда ата-әжелеріміздің киіз басу т.б. кәсіптерін дамыта отырып жандандырса ауыл бизнесінің дамыйтыны сөзсіз. Бұл бағытта ерсі фрагментерсіз жарнамалар әзірлеп шет елдерге ауыл өнеркәсібі тауарларын экспортқа шығарса керемет болады. Өскелең ұрпақтың басты тәрбиешесі еңбек екенін дәлелдеп қажеті жоқ. Еңбек ата-әжелеріміздің әке-шешеміздің бала тәрбиесіндегі басты құралының бірі болған жасырын емес. Осыны ескеріп мектептерге 5-10 га суармалы жерлерді бекітіп беріп, балаларды оқушылардың оқу-өндірістік тәжірибе бригадаларын құру арқылы еңбекке және кооперацияға (кооперацияның негізі – ынтымақ, ал бұл бабалардың өсиеті) тарту және баулу өте пайдалы болар еді. Жасынан еңбекке араласқан бала өскенде де жауакершілікті, еңбекқор және әрбір істің мәнісін білетін болады.

Осылайша, суармалы жерлерді қалпына келтіру және дамыту арқылы ауыл еңбегімен (егіншілік, мал шаруашылығы) ұлттық кәсіптерімізді ғылыми және

инновациялық жетістіктерді қолдана отырып еңбекке және спортқа құлшынысы мол рухани жаңырған болашақ ауыл қоғамын қалыптастыру маңызды болар еді. Әр ауылда сол ауыл тарихын, бабалардың, ата-әжелеріміздің еңбектерін және үлгілі өндірістік дәстүрлерін уағыздайтын музейлер ашу пайдалы болады.

Елбасының тапсырмаларын [3] орындау мақсатында, суармалы егіншіліктің жоғарыда айтылған мүмкіндіктерімен артықшылықтарын негізге алып, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті және оның «Қазсушар» РМК -ны өзара байланысты бірнеше бағыттағы ауқымды шараларды айрықша белсенділікпен атқаруда және олардың ауқымын ұлғайтуға талпынуда.

Бірінші бағыт. Өз мақсатында пайдаланыстағы 1400 мың гектарға жуық суармалы жерлердің тозған және істен шыққан суару және дренаж жүйелерінің техникалық күйін қалпына келтіру және жетілдіру. Егер бұл жұмыстар орындалмаса пайдаланылатын жерлер (1400 мың га) кеміп пайдаланылмайтын (700 га) жерлердің қатары ұлғаюы әбден мүмкін. Сондықтан ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында 2016 жылдан бері жүзеге асырыла бастады. Бұл жобаның нәтижесінде каналдар бүтінделеді су шығарғыштар нығайтылып қайта құрылады, істен шыққан және әбден тозығы жеткен дренаж жүйелері жақсартылып қажетті техникалық-эксплуатациялық күйге келтіріледі. Жоба аясында су пайдалану гидромелиорация нысандарын күтіп-баптау қызметкерлерін оқыту және үйрету шараларында орындалады.

Нәтижесінде өзендерден су алуды 1,10-1,15 есе кеміте отырып 113 мың гектар суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілу деңгейін 1,3-1,6 есе арттырып нормативтік деңгейге көтеруге, жер-асты суының шамадан тыс орынсыз көтерілуі нәтижесінде топырақтың сортаңдануы мен сазға айналуын тоқтатуға мүмкіндіктер туындайды.

Қазіргі кезде 273 мың гектар мақсатында пайдаланудағы суармалы жерлерге арналған ИДЖЖ-3 жобасының ТЭН дері әзірленуде. Бұл жоба 2021 жылдан бастап жүзеге асырыла бастауы тиіс. ИДЖЖ-3 жобасының арғы жылдарда кешіктірілмей ИДЖЖ-4, ИДЖЖ-5 жобаларымен жалғасқаны жөн болады, себебі қолданыстағы 1400 мың гектарға жуық суармалы жерлердің, кем дегенде 1100 гектарындағы ирригация және дренаж жүйелерін мүлдем істен шығып қалмай тұрғанда жаңғыртып қайта құрған жөн.

Екінші бағыт. Өз мақсатында пайдаланылатын суармалы жерлерді 2000 мың гектарға (1400 мың га + 600 мың га) жеткізу үшін қазіргі кезде пайдаланылмай жатқан 600 мың гектар суармалы жерлерді сумен қамтамасыз ететін және олардың топырақтарның мелиоративтік режимдерін реттейтін су шаруашылығы және гидромелиоративтік инфрақұрылымдарын қалпына келтіру.

Үшінші бағыт. Суаруға жарайтын және оны қалайтын ауыл шаруашылығы жерлерін суару және дренаж жүйелерімен алғаш рет жарақтандыру мәселесі қарастырылуда. Осы бағыт бойынша жұмыстар орындалса еліміздің барлық облыстарында жаңадан кезең-кезеңмен суды төгіп-шашпай пайдалануға икемделіп игерілетін жаңа суармалы жерлер аумағы 1500 мың гектарды құрауы әбден мүмкін.

Төртінші бағыт. Су қоймаларының тозығы жетіп бұзылу қаупі артып келе жатқан бөгеттерін нығайту және модернизациялау жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру.

Бесінші бағыт. Ағыстары реттелмеген өзендердің, жауын-шашын және әсіресе қар суларын экономика қажеттілігіне бағытталған түрде пайдалануға жағдай туғызу арқылы олардың қауіптілігі мен оқыстығын кеміту үшін жаңа су қоймалырын салу.

Алтыншы бағыт. Елді мекендерді (ауылдар, қалалар) сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және оарға қауіп төндіретін су тасшаралары.

Жетінші бағыт. «Қазсушар» РМК-сінің су шаруашылығы және гидромелиорация инфрақұрылымдарын күнделікті пайдалану және күтіп-баптау шараларының

орындалуын жетілдіру мақсатында су ресурстарын республикалық басқаруды қолдану арқылы әр өңірді сумен қамтамасыз етуді жақсарту. Себебі кез-келген өңірдегі су ресурстарының аз немесе молдығы экономика салаларының дамуына әсер етпеуі шарт. Осы бағытта, республика орталығының өңірлерге қамқорлығын көрсететін мына шараларды атап өтуге болады: 1) орындалған шара- «Қазсушар» РМК-ның құрылуы (нәтижесінде облыстардағы оның филиалдарының өндіріске бетбұрыстарын арттыруға мүмкіндік туындады); 2) орындалуы қажет шара- «Қазсушар» РМК-ның құрамында «цифрлық» технологияға негізделген республикалық үш деңгейлі диспетчерлік басқару жүйесін құру және іске қосу (тасқын суларды қауіпсіз басқару, егіншілікке берілетін суларды кестелер негізінде жоғары дәлдікпен өлшеп тарату, кемшіліктерді дер кезінде анықтап-зерттеп түзету, т.б. шараларды оперативті басқару және орындау).

Су шаруашылығы мен гидромелиорация салалары өте тығыз байланысқан, және табиғаттың ерекшеліктерін тыңғылықты түрде ескеруді және негізге алуды талап етеді. Олар да тарихи негізі бар жақтарға қажетті кәсіби дәстүрлерге бай. Бұл жас мамандарға өз міндеттерін кәсіби патриот болуға құлшына отырып атқарулары үшін өте пайдалы. Сондықтан «Қазсушар» РМК-ның Орталық кеңсесінде «Республикалық су шаруашылығы және гидромелиорация музейін» ұйымдастыру және ашу осы саладағы бабаларымызбен аға буындардың еңбектері мен озық тәжірибелерін ұмытпау және дамыта отырып жалғастыру, үлгі тұта отырып шыңдалу үшін өте қажет. Осы музейде жұмысқа жаңа алынған мамандар үшін жылына 1-2 реттен 3-4 күндік «кәсіби танысу» тақырыбында міндетті семинарлар өткізіліп тұрса сол жас мамандарға да саламыздың жаңғыра отырып дамуына да пайдалы болатыны сөзсіз.

Жоғарыда айтылған су шаруашылығы, гидромелиорация және суармалы егіншілік салалары бойынша ойлар Елбасының мақалаларын [1 және 2] оқу нәтижесінде жаңаша туындап өзектіліктері жаңаша сипат алғаны сөзсіз. Шыңдығында бабаларымыздың келешек ұрпақтарымыз үшін деп қан төгіп жан берген ұлы даламызды ата дәсүріне және ғылым мен білімге, өркеннитті мәдениет пен ынтымаққа негізделген еңбек майданына айналдыру мақсатында әр өңірде су шаруашылығымен гидромелиорацияны дамыту осы салалардың ғалымдарының, басшылары мен мамандарының қасиетті міндеттері болып табылады. Алайда олардың Ұлы даламыздың барлық өңірінде өмір сүріп бәскелестігі жоғары кәсібін жүргізуіне қажетті сумен қамтамыз етуді жақсартуға, тасқын суды «ноқталап» ел игілігіне жаратуға бағытталған белсенді әрекеттерінің уақыт оздырмай сапалы орындалуына басқада мемлекеттік органдар ат салысқандары әбден дұрыс болады. Міне, осылайша Қазақстанның барлық өңірінде суармалы жерлер арқылы ауыл тіршілігін қайта оятып жаңаша жандандыруға мүмкіндік туғызу қазіргі ұрпақ тарапынан бабалар аманатын [1 және 2] орындау жолындағы тарихи дұрыс шешім болатыны сөзсіз. Сондықтан, Бабалар аманатын Елбасының бастамалары мен ақыл-кеңестерін [1 және 2], тапсырмаларын [3] зерделеп түсініп ұрпақтық парызбен рухани және кәсіби жаңғыра отырып өзара ынтымақта болып жоғары жауапкершілікпен ынталыда тиянақты еңбек етуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер.

- 1) Н. Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//«Айқын» газеті, 13 сәуір, 2018 жыл, www.aikyn.kz
- 2) Н. Ә. Назарбаев Ұлы даланың жеті қыры// «Айқын» газеті, 21 қараша, 2018 жыл, www.aikyn.kz
- 3) Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 2017 жылғы жолдау: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»// 31 қаңтар, 2017 жыл akorda.kz/kz/addresses/addresses...

БАҚЫЛАУ ҚҰДЫҚТАРЫН ТАЗАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Амангельдиев С.С., Телгараева Г.Е.

«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС

Су тарату желілеріндегі бақылау құдықтарын тазалау мен техникалық қызмет көрсетуде олар ысырма-крандар, ауа ажыратқыш- вантуздар, кері және қорғауыш қақпақшалар мен т.б. арматуралар жиынтығы орналасқан жерге, сонымен қатар ғимараттың кіре берісіне қойылатынын негізге алу қажет. Тұтас темірбетоннан (тік бұрышты) және құрама темірбетоннан (дөңгелек) жасалған құдықтар, әдетте жұмыс камерасынан тұрады, бұл жұмысшылардың құдыққа түсіп-шығуына жағдай жасайды. Көзге еленбейтін жерлерде құдықтардың аузы (люгі) жер бетінен 50 мм биігірек орнатылып, жан-жағы 1 м-ге дейін көлбей тегістеледі. Диаметрі 600мм және одан жоғары ысырма-крандарды басқару үшін құдықтың бетіне кішігірім қақпақпен жабылатын ауыз орнатылуы тиіс.

Ыза суы тым жақын жерлерде құдықтың түбі мен қабырғасын ыза су деңгейінен 0,5м жоғары гидроизоляциялау (битуммен) жұмыстары жасалады.

Құдықтың көлемі, құрастыру мен жөндеу жұмыстарының ыңғайлылығын қамтамасыз ететін ішіндегі арматура жиынтығының орналасуы мен олардың үлгісіне қарай анықталады. Бұл үшін құдықтың ішкі қабырғасынан диаметрі 400 мм құбырға дейінгі арақашықтық - кем дегенде 0,3 м, ал диаметрі 450-800 мм – 0,5 м, диаметрі 800 мм жоғары – 0,7м, сондай-ақ диаметрі 500 мм дейінгі жалғау фланецтерінен – 0,35 м, ал диаметрі 500мм жоғары – 0,5м қабылданады.

Тазалау жұмыстарын жүргізудің қажетті шарты болып, қалыңдығы 0,2-0,3м шөгінділермен бітелген құдықтар есептеледі, яғни кәріз және канализация құдықтары көлденең құбыр деңгейіне дейін, ал ауылшаруашылық су құбырларында – құдық ішіндегі арматураларға дейін.

Қоданыстағы құдықтарды тазалау жылдың кез-келген қолайлы уақытында жүргізуге болады. Егер тазалау алдында әртүрлі себептерге байланысты (құдықтың түбін тексеру қажеттілігі, шөгінділердің жиналуын анықтау және т.с.с.) құдық ішіне жұмысшы түсу қажеттілігі туындаған жағдайда, ең алдымен, онда газдың болуын жағылған шырақ немесе керосин шамды ішіне түсіру арқылы анықталады [1].

Газ болған жағдайда шамның жануы төмендейді немесе өшіп қалады. Газдың болуы мен құрамын анағұрлым нақтырақ анықтау құдық түбінен оның белгілі бір мөлшерін М.И.Суббота газ ұстағышымен алу арқылы іске асады. Өнеркәсіппен шығарылатын осындай газ ұстағыштар мырышталған темірден жасалады. Құдықта жиналған газды осы газ ұстағыш көмегімен немесе жеңіл, әрі көлемді затты қайталап түсіріп-шығару арқылы жоюға болады.

Қолданыстағы бақылау құдықтарын тазалағыштардың құрылымдары мен бұрынғы орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) шолу нәтижесінде, бақылау құдықтарын диаметрі 30мм дейін құм-қиыршықты шөгінділерден тазалау үшін тегеурінді-вакуум құрылғысымен жабдықталған ЗЖВ-3,2 сұйықтық шашыратқышты қолдану технологиясы қабылданды [2].

Ол базалық трактордан 1, жүрі бөлігінен 2, цистернадан 3, тегурінді-вакуумды құрылғыдан 4, шүмектерден 4,5, су қоспасын араластырғыштан 12, деңгей өлшегіштен 13, сору түтікшесінен (ашып-жапқыш) 14, магистралдан 11 және сору шлангысынан 7 тұрады (1 сурет).


Тазалағыштың негізгі жұмыс органы болып, трактор қозғалтқышынан шығатын

газ энергиясы есебінен цистернада вакуум немесе артық қысым тудыруға арналған тегеурінді-вакуум құрылғысы табылады. Бұл кезде цистернаның толуын бақылау деңгей өлшегішімен немесе бақылау терезесі арқылы қадағаланады. Цистернаның шектен тыс толуына жол берілмейді.

ЗЖВ-3,2-ге ұқсас агрегаттар жұмысына жүргізілген технологиялық талдау эжектордың техникалық жетілдірілмеуіне және әлсіз сору қабілетіне байланысты, әсіресе аса көп бітелген құдықтарды тазалауда қоймалжың бойынша жоғары өнімділікті қамтамасыз ете алмайды.

Эжекторлы тегеурінді-вакуумды құрылғы (2 сурет) қораптан 1, сүйірмектен 2, қабылдау 3 мен араластыру камерасынан 4, диффузordan 5, тазалағыштың магистралімен эжекторды жалғастыратын түтікше 6 шүмегімен 7, қақпақ 9 бұрандасымен 10, газ шығаратын түтікше 12 мен сүйірмек алдындағы шығатын газдың қысымын реттеуге арналған саптан 11 тұрады.

Ол қолданыстағы құрылымдардан конфузорлы-диффузорлы үлгіде жасалған жұмыс сүйірмегімен 2 және реттеу механизмінің 10 құрылымымен ерекшеленеді. Бұл орайда сүйірмек қолданған газды шығаруға арналған түтік осі бойына, ал реттеу механизмі 10 газ шығару түтікшесімен 12 эжектордың төменгі жағына бекітілген [2,3].



1 - трактор; 2 – жүру бөлігі; 3 - цистерна; 4, 5 - шүмек; 6 – қосымша шланг; 7 – сору шлангысы; 8 - шланг; 9 – тегеурінді-вакуум құрылғысы; 10 - құбыр; 11 - магистраль; 12 – қоспа араластырғыш; 13 – деңгей өлшегіш; 14 – ашып-жапқыш; 15 – ауа шүмегі; 16 – бақылау терезесі.

1 сурет – Сұйықтық шашыратқыштың жалпы көрінісі

Вакуумдық тазалағышты тазалау жұмыстарына дайындау төмендегідей:

- Тазалағышты тракторға гидравликалық ілмек пен тоқтатқыш саусақ көмегімен жалғап, пружиналық бекіткішпен (шплинтпен) бекіту. Бұл орайда трактордың аспалы жүйесінің биіктігі тазалағыштың төгу жағына қарай 4-8° еңісті қамтамасыз ететіндей болу керек;

- тегеурінді-вакуум құрылғысын орнату.

Тегеурінді-вакуум құрылғысын орнату үшін келесі істерді атқару қажет:

- трактордан газ шығару түтікшесінен жалғанған түтікті ажырату;

- газ шығару түтікшесіне тегеурінді-вакуум құрылғысын орнату;

- алдын ала тегеурінді-вакуум құрылғы қорабы мен трактордың газ шығару түтігінің арасына асбестоцементтік төсемше салып, қапсырмамен бекіту;

- ауа соратын магистралді тегеурінді-вакуум құрылғысымен жалғау;

- сол жақ ашып-жапқышты жауып, оң жақ ашып-жапқышқа сору шлангасын жалғау;

- барлық жиналған бөлшектердің дұрыс жиналғанын, бұрандамен бекітіліп, гайкамен тартылғанын тексеру;

- барлық жалғанған жерлердің саңылаусыз бекітілгенін қозғалтқыштан цистернаға шыққан газ немесе су айдау арқылы тексеру.

Осы операциялардың барлығы орындалғаннан кейін тазалағыш жұмысқа дайын.

Бақылау құдығын тазалау технологиясы мынадай:


Тазалағышты бақылау құдығына жеткізу және оны артымен құдыққа сору шлангысының құдық түбіне дейін жетуін қамтамсыз ететіндей, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуге ыңғайлы болатындай қашықтыққа тақау. Сору шлангысының ұшын құдықтағы шөгінді-қоспаға батырып, оның ашып-жапқышы мен магистраль бойындағы шүмекті, сонымен қатар тегеурінді-вакуумдық құрылғының араластыру камерасының шыға берісіндегі жапқышты ашады. Содан кейін тегеурінді-вакуумдық құрылғының қорабындағы жапқышты жауып, трактор қозғалтқыш білігінің айналу жылдамдығын үдетеді.

Қондырғының жұмыс істеу барысында қозғалтқыштан шыққан газ шығару түтігі арқылы тегеурінді-вакуумдық құрылғының сүйірмегіне 2 беріледі. Сүйірмектен 2 араластыру камерасына 4 қарай үлкен жылдамдықпен шыққан газ өзімен бірге сору түтікшесі 6 және магистраль арқылы цистерна ішіндегі ауаны сорып, алып кетеді. Бұл өз кезегінде цистерна ішінде ауасыз кеңістік, яғни вакуум тудырады, осының әсерінен тазалау процесі жүреді, яғни құмды-лай шөгінділер сору шлангасы арқылы цистернаға сорылады. Тазалау процесі құдықтағы барлық құмды-лай шөгінділер толығымен шығарылғанша жалғасады. Цистернаның толуы бақылау терезесі арқылы қадағаланады.

Эжекторлы тегеурінді-вакуумдық құрылғының жұмысы барысында трактордың қозғалтқышы түгіндемей жұмыс істеуі қажет, бұл қозғалтқыштың қызып кетуін болдыртпайды және қолданған газдың шыға берісіндегі қосымша кедергіге байланысты оның қуаттылық шығынын қысқартады.

Бұл үшін қажеттілікке байланысты артық қысымды қақпақ 9 және түтікше 12 арқылы ауаға шығару жолымен трактордың газ шығару түтігі арақідік босатылып тұрады. Сүйірмек 2 алдындағы қысым қақпақтан 9, бұранданы 10 және саптан 11 тұратын арнайы механизм көмегімен реттеліп отырады. Реттеу бұранданы 10 оңға немесе солға бұрау арқылы жүргізіледі (2 сурет). Осы эжектордың өлшемдері 1-ші кестеде көрсетілген.

Тегеурінді-вакуумдық құрылғы тоқтап қалған жағдайда вакуумдық магистральді трактор қозғалтқышының сору коллекторына жалғауға болады. Бұл жүйемен жұмыс істеу барысында цистернаның толуын қатаң бақылау талап етіледі, әрі цистерна $\frac{3}{4}$ бөлігіне дейін толтырылуы тиіс. Әйтпесе қоспаның майда бөліктері қозғалтқышқа еніп кетеді де, қозғалтқышты істен шығарады.



1-қорап; 2-сүйірмек; 3-қабылдау камерасы; 4-араластыру камерасы; 5-диффузор; 6-сору түтікшесі; 7-шүмек; 8-бобышка; 9-қақпақ; 10-бұранда; 11-сап; 12-түтік.

2 сурет – Эжекторлы тегеурінді-вакуумдық құрылғы

1 кесте - Эжекторлы тегеурінді-вакуумдық құрылғының негізгі өлшемдері

р/н	Атауы	Мәні
1.	Эжектордың жалпы ұзындығы, мм	530
2.	Кіру түтікшесінің диаметрі, мм	60
3.	Сүйірмек диаметрі, мм	12
4.	Сүйірмек ұзындығы, мм	5
5.	Сүйірмек конфузорының ұзындығы, мм	135
6.	Сүйірмек диффузорының ұзындығы, мм	10
7.	Араласу камерасының диаметрі, мм	24
8.	Араласу камерасының ұзындығы, мм	20
9.	Эжектор диффузорының ұзындығы, мм	100
10.	Сүйірмек пен қабылдау камерасының қашықтығы, мм	15

Цистернадағы құмды шөгінділерді сумен араластыру шыққан газ энергиясы көмегімен арнайы қоспа араластырғыш арқылы іске асады. Құдық толық тазартылғаннан кейін вакуумдағы шүмектер және ашып-жапқыш жабылады, содан кейін ауа шүмегі ашылады (уақытша).


Цистернаны босату өздігінен ағу немесе тегуірінді-вакуумдық құрылғы көмегімен жүзеге асады. Вакуумдағы шүмектер мен ашып-жапқыштың ашық кезінде цистернаның босатылуы іске асады. Цистернаның түбіне жиналған ірі шөгінділерді аракідік төгіп тұру қажет, ол үшін қайырмалы бұранданы босатып, ашып-жапқышты бұру керек.

Эжекторлы құрылғы сүйірмегінің қысыңқы жерін коноидалды түрде өтетіндей етіп, конфузорлы-диффузорлы үлгіде жасау, ал шыққан газды беретін реттеуішті конустық қақпақты тығыздағышпен цилиндрлік ыдыс түрінде жасау тазалағыштың жұмыс қабілетін арттырады және бақылау құдықтарын тазалау дәрежесін 96-98 %-ға дейін жеткізеді.

Кәріздік құдықтарды келесі тазалаудың технологиялық циклін жеңілдету мақсатында, құдыққа түскен құм-қиыршық шөгінділері мен бөгде заттарды жинап, сыртқа шығару үшін қарапайым және тиімді құрылғы ретінде алмалы-салмалы контейнерді қолданған жөн [4].

Бұл контейнерлі технологияның маңызы құдық түбіне құмды-қиыршық шөгінділерді және басқа да бөгде заттарды жинау үшін контейнер орнатылып, ол толған кезде сыртқа шығарылады. Контейнерді көтеріп сыртқа шығару, оны босату және қайтадан орнына түсіру жүк көтергіш қондырғы көмегімен іске асырылады. Контейнердің қорабы 2 қауғаға ұқсаған кері кесілген конус тәріздес жасалған (3 сурет). Оның үстіңгі бетіне иілгіш резеңкеден жасалған дөңгелек жиек (манжета) 6 қарас-тырылған, ол жұмыс кезінде сырттан түскен барлық заттарды құдық қабырғасы мен контейнер қорабының арасындағы қуысқа өткізбей, контейнер ішіне бағыттап отырады. Контейнердің жоғарғы жағына металл шыбықтарынан пирамида түрінде жалғанған ілгек 7 орнатылған. Бұл құдық ішіне жұмысшыны түсірмей-ақ, контейнерді жүк көтергіш көмегімен іліп алып, шығаруға мүмкіндік жасайды.

Осы технологиямен кәріз құдықтарын тазалау келесі жолмен іске асады. Жұмыс барысында ағып жатқан кәріз суы құбыр 4 бойымен құдыққа 1 құйылады. Судың ағу жылдамдығы бәсеңдеуінен су құрамындағы майда топырақ түйіршіктер мен құбырдың асты жағындағы қатты заттар контейнерге 2 шөгіп, жиналады. Контейнер толған кезде сыртқа шығып, босатылады. 2-3 жылдан кейін, кәріз құбырларын қайта жапқан топырақ нығыздалып, қалпына келген кезде бақылау құдығына майда топырақ түйіршіктері мен қатты заттар түсу азайып, тиылады. Содан кейін контейнер жаңадан салынған кәріз құдығына ауыстырылады.



3 сурет – Кәріз құдықтарын тазалаудың контейнерлік технологиясы

Ұсынылып отырған тәсіл технологиялық процесстерді толық-ғымен механикаландыруға және көлденең жабық кәріздің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Нарық экономикасы жағдайында, әсіресе ауылшаруашлығын сумен қамтамасыз ету нысандары өз меншігінде болғанда, құрылғылар мен олардың элементтеріне жөндеу мен техникалық қызмет көрсетудің жоспарлы-ескерту жүйесін қолдану анағұрлым тиімдірек болып табылады. Бұл құрылғыларды пайдалануда оны толық жарамсыз күйге жеткізбей, жұмыс қабілеті мен сенімділігін аз ғана шығындармен ұстап тұруға мүмкіндік жасайды. Мамандандырылған бригадаға қарағанда, механикаландырылған бригада құруға көңіл бөлген жөн, өйткені ол әртүрлі сипаттағы жұмыстар атқаруға көбірек бейімделген.

ТҰЖЫРЫМ

Мақалада бақылау құдықтарын тазалаудың эжекторлы-вакуумдық және контейнерлі технологиясы қарастырылған. Бұл технологиялық процесстерді толық механикаландыруға мүмкіндік жасайды, су құбырлары, канализация және коллекторлы-кәріз желілерінің жұмыс сенімділігі мен тиімділігін арттырады.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся эжекторно-вакуумная и контейнерная технологии очистки смотровых колодцев, которые позволяют полностью механизировать технологический процесс, повысить надежность и эффективность работы водопроводных, отводящих и коллекторно-дренажных сетей.

SUMMARY

The article presents ejector-vacuum and container technologies for cleaning control wells are allowed fully mechanize the process, increasing the reliability and efficiency of water supply, drain-age and collector-drainage networks.

ДЕБИЕТТЕР

- 1 Касымбеков Ж.К. Гидроциклонно-эжекторные технологии подъема воды и очистки сооружений сельскохозяйственного водоснабжения: дисс. ... докт. техн. наук: 05.23.07. - Тараз, 2003.- 226 с.
- 2 Амангельдиев С.С. Совершенствование технологии очистки смотровых колодцев водопроводной сети с применением вакуумно-эжекторной установки: дисс. ... канд. техн. наук: 06.01.02. - Тараз, 2010. – 136 с.
- 3 Патент №6397 (Казахстан). Вакуумная установка для очистки смотровых колодцев. Касымбеков Ж.К., Амангельдиев С.С. //Пром. собственность, 1997, № 4. - 4с.
- 4 Касымбеков Ж.К., Амангельдиев С.С. Контейнерная технология очистки шахтных колодцев. //Перспектив.- Алма-Ата, «Полиграф-издат», 1988.- 2 с.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ЕРТІС ӨЗЕНІНІҢ АЛҚАБЫ ГЕОЖҮЙЕЛЕРІНДЕ БИОАЛУАНТҮРЛІКТІҢ ҚЫСҚАРУ МӘСЕЛЕСІ

Қуаныштаев А.С.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ

Аннотация: Бұл мақалада Павлодар облысы Ертіс өзенінің алқабы геожүйелерінде биоалуантүрліктің қысқару мәселелері қарастырылып отыр. Сондай-ақ, алқап геожүйелерінің биоалуантүрлілігі мәселесін шешу бойынша бірқатар іс-шаралар ұсынылып отыр.

Түйінді сөздер: Ертіс өзені, су қоймасы, биоалуантүрлілік, алқап, су тасқыны, жер бедерінің сандық моделі.

ӨЗЕКТІЛІГІ. Шаруашылықты игеру кезеңінде көптеген геожүйелер елеулі антропогендік өзгерістерге ұшырады. Павлодар облысының Ертіс өзені алқабы геожүйелерінің қарқынды өзгерістері өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы қызметінің, көлік құрылысы мен селителік аймақтардың өсуіне байланысты XX ғасырдың ортасынан байқалады. Павлодар облысының Ертіс өзені алқабы геожүйелерінің дамуы мен қызметіне Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы су қоймаларының құрылысы әсер етеді. Су қоймаларын салу – бұл, ең алдымен, жер үсті геожүйелерін су табиғи кешенімен ауыстыру және мұндай ауыстыру құрлықтың шамамен 0,3%-ға жүзеге асырылып отыр. Жасанды су қоймаларының қоршаған ортаға әсер ету мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олардың кейбіреулерін атап өту керек: жағалауларды қайта өңдеу (шаю, көшкіндерді жаңдандыру, опырылу, шөгілу); жер асты суларының тірмесі, олардың деңгейін арттыру және төмен учаскелерді су басу, осыдан – ормандардың, ауыл шаруашылығы және басқа да алқаптардың батпақтануы; жергілікті климаттың өзгеруі (температуралық режимді теңестіру, ауа ылғалдылығын арттыру, желдің жылдамдығы мен бағытын өзгерту).

Су қоймасының төменгі бьефінде жер үсті режимінің тоқтауына байланысты, ондаған немесе жүздеген шақырым бойы алқап геожүйелері азайған. Бұдан басқа, ірі су тораптарының әрекеті өзендер мен су қоймаларынан шаруашылық мұқтаждықтарына су алу салдарынан деңгейі төмендейтін шалғайдағы ішкі су қоймаларына әсер етеді. Теңіз жағалауының сағалық аймағында жағалаулар бұзылып, дельталардың өсуі азайып жатыр [1].

Қазіргі уақытта Ертіс өзенінде Өскемен (1952 ж.), Бұқтырма (1966 ж.) және Шүлбі ГЭС (1984 ж.) салынған және пайдалануға берілген [2].

ЖҰМЫСТЫ ТАЛДАУ. Ертіс өзені үш мемлекет аумағынан өтеді: Қытай Халық Республикасы (ҚХР), Қазақстан Республикасы (ҚР) және Ресей Федерациясы (РФ). Ертіс өзенінің бастауынан сағасына дейінгі ұзындығы 4248 км, ҚХР аумағында өзен ұзындығы 525 км, Қазақстан аумағында - 1835 км, ал Ресей Федерациясы аумағында - 2010 км құрайды (сур. 1). Өзен - Обь өзенінің ең ірі ағыны, бұл Ресей Федерациясының аумағында өтеді. Ертіс өзені бассейнінің ауданы 1643 мың км². Алтай тауларының оңтүстік-батысындағы гляциалды аймақтан өз бастауын алады (сур. 1) [3, 11].

Әкімшілік бөлінісі бойынша, Ертіс су шаруашылығы бассейні ШҚО, Павлодар, ішінара Ақмола және Қарағанды облыстарын қамтиды.

Бұрынғы КСРО өзендеріндегі еріген сулардың ең жоғары шығындарын есептеу жөніндегі міндеттерге қатысты, өзендер шартты түрде екі топқа бөлінеді: I – жазық өзендердің тобы және II – таулы өзендердің тобы. Бірінші топ 400 м аспайтын биіктіктердің салыстырмалы ауытқуымен сипатталады және қар еруі негізінен барлық су жинағышты қамтиды. Екінші топқа 400 м-ден асатын биіктіктің күрт ауытқуы бар өзендер жатады және бірінші топтан ерекшеленеді, екінші топтағы өзендерде көктемгі-жазғы және жазғы су тасу кезеңінде қар біркелкі ерімейді [4]. Ертіс өзенінің бассейні екінші топқа жатады.



сур.1 Павлодар облысының Ертіс өзені алқабының географиялық орналасуы

Карск-Обск макрогеожүйесінің құрамына кіретін Ертіс субгеожүйесі (1.1.a) II реттегі Жоғарғы-Ертіс және Орта-Ертіс жүйесі болып бөлінеді. Ертіс субгеожүйесі уақытша және тұрақты ағыны Обь өзеніне қарай бағытталған Ертіс өзенінің көптеген салаларының бассейндері аумағын біріктіреді [7].

Ертіс өзені алқабының қазіргі түрі кейінгі плейстоценде (20-130 мың жыл бұрын) қалыптасқан, ол кезде II жазықтық терраса (40-130 мың жыл) және Ертіс өзені алқабының I жазықтық террасасы қалыптасқан еді (сур. 2-3) [5].

Ертіс өзенінің алқаптық геожүйелері II реттегі (I, 1a-2) Орта-Ертістік жүйешеге жатады [6].

Ертіс өзенінің сол жағалауы сортаңдау және Ертіс өзені арнасының оң жағалауы өзеннен 4-6 м және 15-17 м сәйкесінше жоғары. Өзен арнасының екі жағасында ені 25 км дейінгі жолақтар түрінде орналасқан. Өзеннен 28-32 м биіктікте орналасқан үшінші терраса, негізінен, сол жағалауда таралған және Қазақтың ұсақ шоқысына дейін жетеді. Үшінші терраса, әсіресе, малта тасты-қиыршық тасты жыныстардан құралған және біртіндеп солтүстікке қарай құмды материалға ауысады [7].

